

Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласында есеп құралдары жоқ тұтынушылар үшін, сумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтердің тұтыну нормаларын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 133 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 сәуірде № 4169 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласында есеп құралдары жоқ тұтынушылар үшін, сумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтердің тұтыну нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің энергетика және коммуналдық - тұрғын үй шаруашылық басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017
жылғы 4 сәуірдегі № 133 қаулысымен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласында есеп құралдары жоқ тұтынушылар үшін, сумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтердің тұтыну нормалары

Рет №	Тұтынушылардың атауы	Өлшем бірліктері	Су тұтыну нормалары, литр
1	2	3	4
1	Көшедегі су бағанасынан суды тарататын, үй-жайлық типтегі бір пәтерлі тұрғын үйлерде тұратын, тұтынушылар.	Тәулігіне 1 тұрғын	60
2	Су құбыры бар, бірақ кәрізі жоқ үй-жайлық типтегі бір пәтерлі тұрғын үйлер.	Тәулігіне 1 тұрғын	75
3	Ваннасыз, канализация және су құбыры бар үй-жайлық типтегі бір пәтерлі тұрғын үйлер.	Тәулігіне 1 тұрғын	120

4	Тез әрекет ететін газ арқылы су жылытқыштары мен және көп нүктелі су таратқыштармен көп пәтерлі тұрғын ғимараттар.	Тәулігіне 1 тұрғын	190	11	Су тарататын шүмегі бар құрал-сайманжуатын раковина, жуғыш және зертханалық су тарататын баған.	Сағатына 1 құрал	50
5	Орталықтандырылған суық және ыстық сумен жабдықтау және кәрізбен, қолжуғыштармен, жуғыштармен, душтары және /немесе ваннамен жабдықталған көп қабатты тұрғын ғимараттар.	Тәулігіне 1 тұрғын	250				
6	Ортақ душтармен пәтерлік типті жатақханалар .	Тәулігіне 1 тұрғын	85				
7	Барлық тұрғын ұяшықтардағы души бар пәтерлік типті жатақханалар.	Тәулігіне 1 тұрғын	110				
8	Ортақ ас үйі мен ғимараттың әр секциясындағы тұрғын бөлмелер жанындағы қабаттарда душ блогі бар жатақхана.	Тәулігіне 1 тұрғын	160				
9	Араластырғышы бар қолжуғыш.	Сағатына 1 құрал	60				
10	Тұрмыстық және зертханалық араластырғышы бар жуғыш.	Сағатына 1 құрал	80				
12	Араластырғышы бар жуғыш (қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін).	Сағатына 1 құрал	500				
13	Араластырғышы бар ванна	Сағатына 1 құрал	300				
14	Шартты диаметрі, араластырғышы бар медициналық ванна миллиметр:						
14-1	20	Сағатына 1 құрал	700				
14-2	25	Сағатына 1 құрал	750				
14-3	32	Сағатына 1 құрал	1060				
15	Араластырғышы бар аяқ жуатын ванна.	Сағатына 1 құрал	220				
16	"Джакузи" түріндегі ванна.	Сағатына 1 құрал	300				
17	Таяз душты тұғыры мен араластырғышы бар душ кабинасы.	Сағатына 1 құрал	100				
18	Терең душты тұғыры мен араластырғышы бар душ кабинасы.	Сағатына 1 құрал	115				
19	Араластырғышы мен топтық қондырғысы бар душ .	Сағатына 1 құрал	500				
20	Араластырғышы мен аэраторы бар гигиеналық душ (биде).	Сағатына 1 құрал	75				
21	Төменнен көтерілетін душ.	Сағатына 1 құрал	650				
22	Суық немесе ыстық сумен су тарату шүмегі бар сабынды баған.	Сағатына 1 құрал	1000				
		Сағатына 1					

23	Ағызу бөшкесімен унитаз.	құрал	83
24	Ағызу шүмегімен унитаз .	Сағатына 1 құрал	81
25	Жартылай автоматты ағызу шүмегімен писсуар.	Сағатына 1 құрал	36
26	Ауыз су фонтаны.	Сағатына 1 құрал	72
27	Суару шүмегі.	Сағатына 1 құрал	1080
28	Писсуар.	Сағатына 1 құрал	36
29	Тұрмыстық ыдыс жуғыш машина .	Сағатына 1 құрал	580
30	Өндірістік ыдыс жуғыш машина .	Сағатына 1 құрал	Зауыт – өндірушінің паспорттың деректері бойынша
31	Жол өткелдері мен алаңдардың жетілдірілген жаппаларын механикалық жуу.	1 жуғыш	бір шаршы метрге 1,2
32	Жол өткелдері мен алаңдардың жетілдірілген жаппаларын механикалық суғару.	1 суғару	бір шаршы метрге 0,3
33	Қолмен (құбыршектен) жақсартылған қаптамаларды тротуарлар мен қысқа көшелерді суландыру.	1 суғару	бір шаршы метрге 0,4
34	Қаланың жасыл желектерін суғару.	1 суғару	бір шаршы метрге 3
35	Көгалдарды және гүлзарларды суғару.	1 суғару	бір шаршы метрге 4
36	Топырақты қысқы жылы жайларда отырғызулар дысуғару.	1 тәулік	бір шаршы метрге 15
37	Стеллажды қысқы жылы жайларда жәнет опырақты көктемгі жылы жайларда, әртүрлі көшет жайларда, жылы тылған топырақта отырғызылған дардысуғару.	1 тәулік	бір шаршы бметрге
38	Үйжанындағыучаскелердеотырғызылғандардысуғару :		
38-1	Көкөніс дақылдары	1 тәулік	бір шаршы метрге 3
38-2	Жеміс ағаштары.	1 тәулік	бір шаршы метрге 10
39	Қонақ үйлер, қонақ үй кешендері и мотелдер:		
39-1	бір жұлдызды санат	Тәулігіне 1 орын	150
39-2	екі жұлдызды санат	Тәулігіне 1 орын	200
39-3	үш жұлдызды санат	Тәулігіне 1 орын	230
39-4	Төрт жұлдызды санат	Тәулігіне 1 орын	250
39-5	бес жұлдызды санат.	Тәулігіне 1 орын	300
40	Емдеу мекемелері:		

40-1	стационармен	Тәулігіне 1 орын	200		
40-2	жұқпалы аурулар.	Тәулігіне 1 орын	240		
41	Демалыс үйлері және мекемелер:				
41-1	барлық тұрғын бөлмелерде ванна бар	Тәулігіне 1 орын	200		
41-2	барлық тұрғын бөлмелерде душ кабиналары бар.	Тәулігіне 1 орын	150		
42	Емханалар мен медициналық орталықтар.	Тәулігіне 1 келуші	13		
43	Дәріханалар:				
43-1	Дайын дәрілік дәрі-дәрмектерді сататын	Тәулігіне 1 жұмыс істеуші	12		
43-2	Дайындалатын дәрілік нысандары.	Тәулігіне 1 жұмыс істеуші	310		
44	Мектепке дейінгі мекемелер:				
44-1	Жалпы үлгідегі мектепке дейінгі білім беру мекемелері, мектепке дейінгі тәрбиелеу кешендері мен орталықтары.				
	- балалардың күндізгі келуімен, жартылай фабрикастармен істейтін асханасы	Тәулігіне 1 орын	21,5		
	- шикізат және автоматты кір жуғыш машиналармен жабдықталған, кір жуу бөлмелерімен жұмыс істейтін асханасы	Тәулігіне 1 орын	75		
44-2	Отбасылық балабақша.	Тәулігіне 1 орын	55		
45	Жалпы білім беру мекемелері:	Тәулігіне 1 оқушы			
45-1	Бастауыш мектеп, орта толық мектеп, гимназия	Тәулігіне 1 оқушы	10		
45-2	Лицей.	Тәулігіне 1 оқушы	20		
46	Балаларға арналған демалыс мекемелер.	Тәулігіне 1 орын	200		
47	Оқу және жатын үй-жайлар мен үйлер және интернаттар.	Тәулігіне 1 орын	79	48	Бөлшек сауда кәсіпорындары:
48-1	әмбебап ассортименті бар азық-түлік	Тәулігіне 1 жұмыс істеуші	250		
48-2	әмбебап ассортименті бар азық-түліктік емес.	Тәулігіне 1 жұмыс істеуші	12		
49	Мәдени ойын-сауық мекемелері:				
49-1	кинотеатрлар, кинозалдар, бейнезалдар	Тәулігіне 1 орын	8,6		
49-2	театрлар	Тәулігіне 1 орын	10		
		Тәулігіне 1			

		әртiс	40
49-3	клубтық кешендер	Тәулігіне 1 келуші	8,6
49-4	көрме-музейлік үй-жайлар, кітапханалар, бейнеханалар, фотоханалар	Тәулігіне 1 келуші	4
50	Монша және монша-сауықтыру кешендер:		
50-1	душта жуатын және шаятын	Тәулігіне 1 келуші	180
50-2	сауықтыру рәсімдерін қабылдау және душта шаю	Тәулігіне 1 келуші	290
50-3	душ кабинасы	Тәулігіне 1 келуші	360
50-4	ванна кабинасы	Тәулігіне 1 келуші	540
51	Мекемелер мен ұйымдар үшін ғимараттар мен үй-жайлар:		
51-1	ғылыми-зерттеу институттарының зертханалары	тәулігіне 1 жұмыс істеуші	12
		ауысымда 1 құрал	жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес технологиялық талаптары бойынша
52	Жоғары оқу орындары:		
52-1	жоғары оқу орындарының зертханалары	Тәулігіне 1 студент және 1 оқытушы	17,2
		Ауысымында 1 құрал	224
53	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары:		
53-1	тағамдарды дайындау үшін:		
	- түскі тамақ танузалында сатылатын	1 шартты тағам	12
	- үйге сатылатын	1 шартты тағам	10
53-2	Жартылай фабрикаттарды, оның ішінде жоғарыдайындық дәрежесінде дайындау үшін:		
	- ет	1 тонна	6700
	- балық	1 тонна	6400
	- көкөніс	1 тонна	4400
	- кулинарлық	1 тонна	7700
54	Спорттық үймереттер - стадиондар, спортзалдар, жүзу бассейндері және тағы да басқалар:		
54-1	көрермендер үшін	Тәулігіне 1 орын	3
54-		Тәулігіне 1	

2	спортшылар үшін (душ қабылдауды ескере отырып)	спортшы	100
54-3	бассейнді толықтыру (тазалай отырып рециркуляциялау режимінде жұмыс істейтін)	Тәулігіне ванна көлеміне байланысты пайыз	10
54-4	мұз жабуын құру:		
	- бастапқы құю және өсіру есептік қалыңдыққа дейін мұз қабаты (5 сантиметр)	1 шаршы метр	50
	- мұз бетін дайындау	1 шаршы метр	0,5
54-5	суғару үшін:		
	- футбол алаңы	Тәулігіне 1 шаршы метр	0,5
	- ашық жазық үймереттері	Тәулігіне 1 шаршы метр	1,5
55	Тұрмыстық қызмет көрсету үй- жайы:		
55-1	автоматтырылған кіржуғыштар	Тәулігіне 1 килограмм құрғақ киім	75
55-2	Шаштараз	Ауысымында 1 жұмыс орны	56
55-3	қоғамдық дәретханалар.	Сағатына/20 адам	2820
56	Өнеркәсіптік және өндірістік кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайлары.	Ауысымында 1 душ торы	500
57	Жылу бөлетін цехтер 84 киоджоульдан жоғарысағатына 1 кубтық метр.	Ауысымда 1адам	45
58	Қалған цехтер.	Ауысымда 1адам	25